

Б. Халым* , Г.Н. Смағұлова ,

М.М. Аймағамбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: bota-@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ӘЙЕЛ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ЛЕКСИКО-ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазіргі таңда когнитивті лингвистикада, лингвомәдениеттану саласында гендерлік фразеологизмдер мен «әйел» концептісінің когнитивті аспектісі туралы белсенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп, дәлелді тұжырымдар жасалуда. Сондықтан әйел мінез-құлқының лексико-фразеологиялық тіркестер арқылы берілу ерекшелігін зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ және ағылшын тіліндегі көркем шығармалар негізінде әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестерді анықтау, олардың этномәдени айырмашылықтары мен ерекшеліктерін нақты мысалдармен дәлелдеу. Мұндай лексико-фразеологиялық тіркестердің қолданылу жиілігі мен құрылымын зерттеу арқылы сөздік қорымыздағы құнды фразеологиялық тіркестердің мәнін тұжырымдау идеясы назарға алынды. Зерттеу жұмысында жүзеге асқан сипаттамалы, салыстырмалы талдау, лингвистикалық құбылыстарды бақылау тәсілдері арқылы іріктелген әйел мінезін сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің тізбегі дәлелді ғылыми негіз болса, ол тіркестердің көркем әдебиеттегі қолданысы және бүгінгі таңда тәжірибе жүзінде қолданыста болу-болмау мәселесі мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығын сипаттайды.

Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармаларда әйел мінез-құлқының лексико-фразеологиялық тіркестер арқылы берілуі және олардың ұлттық мәдениет пен дүниетанымға сай сипаты, қолданылуы, бағытталуы мәселесін талдау үшін қазақ және ағылшын прозаиктерінің және ақындарының көркем туындылары пайдаланылды. Соның негізінде әйел мінезін сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің шығармалардың жазылу уақыты мен орнына, автордың сөз қолданысына, әр ұлтқа тән түпкі мәдениетке тән әр алуан болатыны дәлелденді. Осы бағытта лексикалық және салыстырмалы анализ тәсілдері жүзеге асырылды.

Қос тілдегі көркем шығармаларды іріктеп, зерттеу нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі әйел мінез-құлқын беретін лексико-фразеологиялық тіркестер тізбегі құрылды, олардың мәні ашылды. Бүгінгі күні қолданыстан шығып қалған немесе тек көркем шығармаларда кездесетін әйел мінезін ашатын фразеологизмдерді анықтау және жаңғырту, оны ағылшын тіліндегі фразеологизмдермен салыстырмалы зерттеу тіл білімі саласына құнды үлес қоспақ. Мұндай лексико-фразеологиялық тіркестерді көркем шығармалардан іздеу, іріктеу және олардың жұмсалыу ерекшелігін ұлттық менталитет тұрғысында тұжырымдау жүргізілген жұмыстың практикалық мәнін құрайды. Оны зерттеу, өзге тілдегі үлгілермен салыстыра талдау, тіліміздің бай табиғатынан хабар береді және қолданыстан шығып қалған фразеологиялық тіркестерді жаңғырту, қайта қолданысқа енгізу мәселесі – тіл білімінің түпкі мақсатын айқындайтын құндылық болмақ.

Түйін сөздер: қазақ және ағылшын тілі, әйел мінез-құлқы, лексико-фразеологиялық тіркестер, лингвомәдениеттану, көркем шығарма.

B. Khalym*, G.N. Smagulova, M.M. Aimagambetova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: bota-@mail.ru

Specificity of conveying female character through lexical-phraseological expressions in kazakh and english language works of fiction

Currently, active research on gender phraseological expressions and the cognitive aspect of the concept of «woman» is being conducted in cognitive linguistics and linguocultural studies, leading to convincing conclusions. Therefore, studying the specificity of transmitting female behavior through lexico-phraseological expressions is an urgent issue. The purpose of this research is to identify lexical-

phraseological expressions characterizing female behavior in Kazakh and English fiction, analyze their ethno-cultural differences, and illustrate them with concrete examples. When examining the frequency and structure of these expressions, the formulation of their essential value in dictionaries was considered. The selection of these expressions, using descriptive and comparative analysis and linguistic observation, forms the scientific foundation of this study. Their usage in fiction, along with the issue of their practical relevance today, determines the scientific and practical significance of this work.

This research draws on Kazakh and English literary works to analyze how female behavior is conveyed through phraseological expressions and how they align with national culture, worldview. The study demonstrates that these expressions vary depending on the time and place of writing, the author's language, and each nation's indigenous culture. Lexical and comparative analytical approaches are applied to explore these variations.

Through the selection and study of bilingual literary works, a set of phraseological expressions reflecting female behavior in Kazakh and English has been compiled, revealing their essence. Identifying and modernizing phraseological expressions related to femininity, whether obsolete or found only in artistic works, and comparing them with English equivalents contributes significantly to linguistics. The search and selection of such expressions in literary works, along with defining their usage within national mentality, constitute the practical core of this research. Its comparative analysis with linguistic samples from other languages, exploration of linguistic richness, and revival of obsolete phraseological expressions underscore the broader value, ultimate goal of linguistic studies.

Keywords: kazakh and english language, female character, lexical-phraseological expressions, linguoculturology, artistic work.

Б. Халым*, Г.Н. Смагулова, М.М. Аймагамбетова

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: bota@mail.ru

**Специфика передачи женского характера
через лексико-фразеологические выражения
в художественных произведениях на казахском и английском языках**

В настоящее время в области когнитивной лингвистики, лингвокультурологии проводятся активные исследования гендерных фразеологизмов и когнитивного аспекта концепта «женщина», делаются убедительные выводы. Поэтому изучение специфики передачи женского характера лексико-фразеологическими выражениями становится актуальной проблемой. Цель научно-исследовательской работы – выявление лексико-фразеологических выражений, характеризующих женский характер на основе художественных произведений на казахском и английском языках, аргументация их этнокультурных различий, особенностей на конкретных примерах. При изучении частоты, структуры употребления таких лексико-фразеологических выражений была принята во внимание идея формулирования сущности ценных фразеологических выражений в нашем словаре. Цепочка лексико-фразеологических выражений, характеризующих женский характер, отобранных с помощью описательных, сравнительных методов анализа, наблюдений за лингвистическими явлениями, реализованных в исследовательской работе, является доказательной научной основой, в то время как использование этих выражений в художественной литературе и проблема наличия или отсутствия практического использования на сегодняшний день характеризуют научную и практическую значимость статьи.

В исследовательской работе использованы художественные произведения казахских и английских прозаиков, поэтов для анализа проблемы передачи женского характера через лексико-фразеологические выражения, их использования, направленности в соответствии с национальной культурой, мировоззрением. На его основе доказано, что лексико-фразеологические выражения, характеризующие женский характер, имеют различное разнообразие, присущее времени, месту написания произведений, использованию слов автора, коренной культуре, присущей каждой нации. В этом направлении реализованы подходы лексического, сравнительного анализа.

В результате отбора, изучения художественных произведений на двух языках была создана цепочка лексико-фразеологических выражений, описывающие женский характер в казахском, английском языках, раскрыта их сущность. Выявление и модернизация фразеологизмов, раскрывающих женский характер, вышедший из употребления ныне или встречающийся только в художественных произведениях, его сравнительное изучение с фразеологизмами английского языка внесет ценный вклад в область языкознания. Поиск, отбор таких лексико-фразеологических выражений в художественных произведениях и формулирование специфики их расходования в контексте национального менталитета составляют практическую сущность научной работы. Его

изучение, сравнительный анализ с другими языковыми образцами, информирование о богатой природе нашего языка и проблема возрождения, повторного введения в действие вышедших из употребления фразеологических выражений – ценность, определяющая конечную цель языковедения.

Ключевые слова: казахский и английский язык, женский характер, лексико-фразеологические выражения, лингвокультурология, художественное произведение.

Кіріспе

Бүгінгі таңда «әйел» концептісін, «әйел» атауына қатысты лингвомәдениеттанымдық атауларды, әйел бейнесінің символдық мәні мен оған тән фразеологиялық бірліктер, оның когнитивті аспектісі турасында отандық және шетелдік ғалымдар көптеген нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Әйелге қатысты атаулардың этномәдени сипаты мен поэтикалық мәтіндердегі «әйел» атауына қатысты кездесетін фразеологизмдердің лингвомәдени сипаттары да белсенді зерттеліп келеді. Дегенмен әйелдің ұлттық дүниетанымдағы рөлі немесе оның сырт келбетіне, сұлулығына қатысты сипаттауды ұсынатын тұрақты тіркестерді ауызекі тілде де, көркем әдебиетте де жиі кездестіргенімізбен, әйел мінезін, оның психологиясын дәл ұсынатын лексико-фразеологиялық тіркестерді көркем шығармалардағы қолданысы негізінде анықтап, олардың мағынасын ашатын зерттеулердің аздығы аян. Мұндай тіркестерді қазақ және ағылшын тіліндегі көркем шығармалар негізінде анықтау, ерекшелігі мен ұқсас тұстарын зерттеу әйел мінез-құлқын белгілі бір ұлттық дүниетаным шеңбері аясынан асып, өзге тілдегі фразеологиялық тіркестерді зерттеу және талдау арқылы сол ұлттың этномәдениетіне тән мінезді тануға мүмкіндік береді.

Әйел мінез-құлқының тілдік бейнесін ашуда, концептілік мәнін ұғынуда лексико-фразеологиялық тіркестердің маңызы зор. Мұндай бірліктерді біз әсіресе көркем шығармалардан жиі кездестіреміз. Көркем шығармаларда берілетін аталмыш лексико-фразеологиялық тіркестердің поэтикалық сипатынан бөлек, оның әйел мінезін танытудағы, бірліктерін жүйелеудегі атқаратын қызметі кең. Сондықтан мұны тілдік құндылық ретінде қарастырғанымыз жөн. Әйел мінез-құлқын сипаттайтын тұрақты тіркестер кейіпкердің портретін жасауда ғана емес, оның дүниетанымы мен психологиясын, ұлттың өмірін, тарихы мен өзіне тән мәдениетін, тіпті менталитетін қалыптастыруда басты негіз болады. Демек әр ұлтқа тән ерекше мінез-құлықтың тілдік нышаны әр алуан болмақ. Тілдік бірліктерді лингвомә-

дениеттанымдық, этнолингвистикалық тұрғыдағы зерттеу, этносқа тән рухани қасиеттердің қоғамдағы қызметін көрсетеді. Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармалардағы әйел мінез-құлқының лексико-фразеологиялық тіркестер арқылы берілуі қатар талдануы да осы ұстанымға сай. Тіл ғылымында әйел мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдерді салыстырмалы талдау оның тілдік таңба ретіндегі рөлін, сондай-ақ лингвистикалық мағынасын тереңдете түседі. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі әйел мінез-құлқын сипаттайтын фразеологиялық тіркестерді анықтау және салыстырмалы талдау – дәстүрі және мәдени тұрпаты екі бөлек ұлттардың тілдік қолданысындағы тың айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға жол береді.

Әйел мінез-құлқының атауларын лексико-фразеологиялық тіркестер негізінде анықтау сол атаулардың пайда болған тіліндегі өзіндік бейнесін ашуға, қоршаған айналасының болмысын түсіндіруге ықпал етеді. Тілдің фразеологиялық жүйесінің құрылымдық және функционалды аспектісі семантикалық сипатта әр алуан. Дегенмен лексико-фразеологиялық тәсіл көмегімен көркем әдебиеттерде аталмыш тіркестердің ерекшелігін анықтау мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Фразеологиялық тіркестерде сол ұлтқа тән ғасырлар бойы жинақталған дүниетаным мен ұлттық тәжірибе бар. Әр тіркестің идеоэтностығы мен айрықша сипаты осыған дәлел бола алады.

Әйел мінез-құлқын сипаттауда тұрақты тіркестердің лексикалық мәні маңызды рөл атқарады. Соның негізінде фразеологиялық тіркестің астарында жатқан мағына жігі ашылады. Әр ұлттың рухани құндылығына жататын мұндай құбылыстар тілдік ерекшелікті байытады. В.Виноградовтың 1978 жылы жарияланған «Лексические вопросы перевода художественной прозы» еңбегінде: «Белгілі бір ұлттық қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени құрылымының оны басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелендіретін өзіне тән сипаттары бар. Бұлар лексикада байқалады әрі онда рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық формалары, түрлері мен

көріністері туралы мәлімет беретін фондық ақпарат болады», – деген тұжырымынан да осыны көре аламыз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармаларда берілген лексико-фразеологиялық тіркестерде тілдік бірліктердің көмегімен әйелдің бейнесі және оған тән мінез-құлық сипаты өзінің өміршеңдігімен, объективтілігімен әрі тұрақтылығымен, сезімталдығымен ерекшеленеді. Қазақ тіліндегі көркем шығармалардың жазылған кезеңі мен кеңістігіне орай әйелді сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер сипаты да алуан, әуелде ауыл әйелдерінің мінез-құлықтары сипатталса, кейіннен халықтың әлеуметтік, қоғамдық жағдайына сай жаңа тіркестер да пайда бола бастаған. Ағылшын тіліндегі көркем шығармалардан іскер әйелдердің бос уақыты мен рекреациялық қызметіне сай лексико-фразеологиялық тіркестерді жиі кездестіруге болады. Олардың мәртебесі мен тұрақты жағдайын, элиталық дәрежесін, білімі мен позициясын көрсететін, өмір сапасының ерекшелігін сипаттайтын атауларды да жиі кездестіреміз. Мұндай тіркестерге 2019 жылы «Филологические науки. Вопросы теории и практика» журналында Щитова Н.Г. жариялаған «Языковые средства создания образа деловой женщины в англоязычном художественном дискурсе» атты мақаласында дәлелді мысалдар келтіріледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында тақырыпқа сай салыстырмалы-синхронды талдау әдісі, жинақтау, жүйелеу және түсіндіру, семантикалық интерпретация әдістері қолданылды. Сондай-ақ зерттеу әдістері ретінде үздіксіз іріктеу әдісі, лингвистикалық құбылыстарды бақылау, олардың лексикалық анализін және қол жеткізілген нәтижелерді түсіндіруді қамтитын сипаттамалық-аналитикалық тәсіл жүзеге асты. Мақалада негізгі зерттеу мәселесі ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармаларда әйел мінез-құлқының лексико-фразеологиялық тіркестер арқылы берілу ерекшеліктерін анықтау, нақты мысалдар негізінде талдау, айырмашылықтары мен ұқсастықтары анықталған жағдайда тың тұжырымдар жасау мақсаты қойылды. Әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің қолданылу жиілігі мен олар кездесетін көркем шығармалардың кезеңдік әрі мезгілдік ерекшелігіне, кеңіс-

тігіне сай өзгеріске ұшырауы, жаңа атаулардың пайда болуы талданды.

Зерттеу жұмысында бүгінге дейін осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізген ғалымдар тұжырымын ескере отырып, теориялық ақпаратты нақты мысалдармен дәлелдеу жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысының негізгі материалы ретінде ағылшын және қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы лексико-фразеологиялық тіркестер алынды. Екі тілдегі әйел мінез-құлқы сипатталған көркем шығармалардағы фразеологизмдердің мәдени аспектісін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін концептуалды талдау әдісі қолданылды. Соның негізінде екі тілге тән тілдік бейне мен мәдени айырмашылықтар, ортақ ұқсастықтар анықталды.

Әдебиеттерге шолу

Аталмыш тақырып төңірегінде зерттеу жүргізген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде тұжырым жасалып, мысалға алынды. Әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің нақты тізбегін жасау және ағылшын-қазақ тілдеріндегі көркем шығармалардағы айшықты ерекшеліктерін анықтау мақсатында қос тілдегі прозалық және поэзиялық көркем шығармалар қарастырылды.

Әйел мінез-құлқы, «әйел» атауының жалпы артқан мәні мен лексеманың сипаты, олардың фразеологизмдер арқылы берілуі, тілдік құралдар легі, гендерлік стереотиптердің әйел мінез-құлқын сипаттауға әсері, мағына тасымалдаушы фразеологиялық бірліктердің көркем шығармалардағы атқаратын қызметі, олардың функционалды-параметрлік анализі, тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты, әйел мінез-құлқын ұлттық код негізінде жинақтайтын фразеологиялық тіркестер турасында зерттеу жүргізген (Coates, 1986: 43-67), (Fillmore және басқалар, 1988: 56-67), (Арсентьева, 1989: 39), (Cruse, 1986: 89-90), (Greville, 1992: 105), (Brandt, 1998: 167-189), (Қайыпбаева, 2001: 10), (Смагулова, 2008: 85), (Насруллаева, 2017: 345-346), (Chervonnyiy, 2018: 197-201), (Tillayev, 2021: 105-114) ғалымдардың еңбектері қарастырылып, тұжырым жасалды. Сондай-ақ 1977 жылы жарияланған І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» де зерттеу жұмысы үшін құнды дереккөз болды.

Сондай-ақ жеке тұлға және тұлғааралық мінез-құлықтар мен адам мінезінің түрлері, мінездің қалыптасуына ықпал ететін стереотиптер

туралы, мінез-құлықты таңбалар негізінде анықтау жөнінде тұжырым жасап, зерттеу жүргізген (Van Tilburg және басқалар, 2022: 1-15), (Ma & Gao, 2023: 755-770) ғалымдардың ізденіс нәтижелері мінез-құлық түрлері мен олардың табиғатын тануға, талдауға мүмкіндік береді. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдердің әр тілге тән лексикалық мағынасын және сөйлеу мінез-құлқына сай ерекшеліктерін зерттеуде (Турлыбекова және Нуркенова, 2022: 125-138) еңбегі, ағылшын тіліндегі мәтіндерден әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестерді анықтауда ағылшын тіліндегі мәтіндерді түсіну және концептуалды мәнін ұғуға қажетті нақты тұжырымдарды беретін (Джумаева, 2021: 4-12) ғылыми-зерттеу еңбегін айрықша атап өтеміз.

Әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестерді нақты мысалдарға сүйеніп беру мақсатында қазақ және ағылшын тіліндегі прозаиктер мен ақындардың шығармалары негізге алынды. Мысалы қазақ тіліндегі әйел мінезін сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер Ақан сері, А. Құнанбайұлы, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ф.Мүсірепов, О.Бөкей, А. Мантай шығармаларынан кездесе, ағылшын тілінде W.S. Maugham, F.Hardy, J.Aldridge, J. Galsworthy, C. Mackenzie, C.P. Snow, W.S.Maugham, N. Coward және Дж.Г.Байронның т.б. туындыларынан алынды.

Нәтижелер мен талқылау

Кез келген тілдегі лексико-фразеологиялық тіркестер өз бойында ұлттық ой-танымның кең қазынасы мен ғасырлар бойы жинақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан дүниетанымды артады. Ал әйел мінез-құлқының мұндай тіркестермен берілу ерекшелігі гендерлік стереотиптерді ашық сипаттайды. Сондықтан әйелге тән мінез-құлықты сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер оның ақылын, ойын, сөйлеу ерекшелігін, ғасырдан ғасырға жалғасқан әдеттерді де қамтиды.

Қазақ әдебиетінде «әйел» тақырыбы ертеден-ақ ерекше назарға алынып, көркем шығармаларда олардың іс-әрекеттері мен портреттері, образдары сан қилы сипатта ұсынылып жүргенін білеміз. Сондай-ақ олардың мінез-құлқын сипаттау барысында түрлі кейіпкерлер арасындағы ауызекі диалогтарды, түрлі теңеу түрлерін де кездестіреміз. Қазақ көркем шығармаларында кейіпкердің психологиясы мен оның заманы-

на, қоғамына тән жағдайларды ұтымды жеткізу мақсатында фразеологизмдерді жиі қолданады. Мысалы Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы Ұлпанның және шығармадағы өзге әйелдердің ішкі психологиясын, ойын, мінез-құлқының әр қилы оқиға желісіне сай өзгеруін автор былайша сипаттайды: «Қақпан құрмай, қалтарыссыз, қалтқысыз сөйледі...», «...Ұлпан көнтерілі қыз, оңай адаса қоймас есінен», «...Әлде.. қызда қырық есекке жүк болатын айла бар...», «...көзін сүзіп отыратын күңдікке көнер дей ме екен?», «...жан жүрегі жібіін дегені ме?», «Сары-ала етек сарпылтаңға көндігіп кеткен қазақ әйелі», «...аузын бір сылп еткізді де қойды...», «...асқан ақ көңіл...», «Ұлтаны да жібектей созымды болып барады...», «...ішіне елең кіре бастады...», «жылы жүзбен амандасты...», «...отынымен кіріп, күлімен шығып...» (Мүсірепов, 1980: 70-80). Романда берілген бұл сипаттаулардағы қақпан құрмай сөйлеу, қырық есекке жүк болатын айла, сары-ала етек сарпылтаң, жан жүрегі жібу, жылы жүзді т.б. секілді тұрақты тіркестер сол замандағы әйелдердің мінез-құлқынан, сөйлеу ерекшелігі мен әлеуметтік жағдайынан, оларға тән ұлттық салт-дәстүрден сыр шертеді. Қазақ қыздары мен әйелдерінің биязы мінезі мен ел арасындағы өзін ұстау тәртібі, сөйлеу мәдениеті де анық аңғарылады.

Жүсіпбек Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі: «...көмейі бос...», «...сөйлесе – түбін түсіреді...», «...оң қолынан өнері төгіледі...», «...күлсе – аузынан дүр шашылады...», «...қырағы көз күйрығы құтқарсын ба...», «...бурадай шабынып...», «...азуын шайнайды...», «...шала бүлініп...», «...ішек-сілесі қатып күлді...», «...түйгын қуған ақ балапандай...» (Аймауытов, 2003: 6-20) тіркестерінен әйелге тән еркелік мінезі, іс-әрекетінің әсемдігі, қимыл-қозғалысы сипатталып, ойы мен қалауынан, ішкі психологиясынан хабар беретін астарлы мағынаны түсінеміз. Шығарманың бас кейіпкері Күнікейдің жас кезіндегі бойжеткендік мінезі мен егде тартқан шағындағы мінез-құлқындағы өзгерістерді де аталмыш фразеологиялық тіркестердің мәні арқылы ұға аламыз.

Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесіндегі апасының мінез-құлқын сипаттайтын: «...қара нардай қасқая көтерер...», «...әрі он саусағы өнер апам...» (Бөкей, 2003: 112) деген тұрақты тіркестерден қазақ әйелінің қайсар мінезі мен өнерге икемділігі, егде тартқан әйел мінез-құлқына тән сабырлықты көреміз.

Бүгінгі көркем шығармаларға назар салсақ, Аягүл Мантайдың massaget.kz сайтында 2017 жылы жарияланған «Соқыр сана» атты әңгімесіндегі: «...жүзіне кірбің түскен...», «жанымыз шарқ ұрып...» деген тіркестерден әйел мінез-құлқы оның нәзіктігіне, ішкі жан дүниесіне сай өзгеріп, түрлі эмоцияларға енетінін көре аламыз.

Қазақ әйелдерінің мінез-құлық формаларын зерттей отырып, олардың болмысы мен характерін сипаттайтын, мінездемелік портреттерін беретін поэзиялық шығармалар да бар. Мұндай фразеологизмдерді сал-серілер поэзиясынан ұшырастырамыз. Мысалы 2014 жылы жарық көрген «Ақындар аманаты: қазақтың ауызша әдебиеті. Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы. Шығармалары.» жинағындағы Ақан серінің «Жақсы әйелдің сипаты» атты туындысындағы «Мінезі майдай еріткен қорғасындай», «жұмсақ сөзді» деген жолдарынан *майдай еріткен қорғасындай* дегені жұмсақ, биязы мінез-құлықты білдіретінін, *жұмсақ сөзді* дегені мінезі жайсаң адамның сөзін білдіргенін анық аңғарамыз.

Мұндай шеберлікті 2016 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Абай. (Ибраһим) Құнанбайұлы» атты жинақтағы ақынның «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» атты туындысынан байқаймыз: «...қылт еткізбес қылықты...», «...жыртаң-тыртаң қызыл...», «...қоржаң суық...». Бұл туындыдан жас әйел мінез-құлқының жағымды тұсымен қатар, жағымсыз тұстарын да тани аламыз.

1989 жылы «Жұмабаев М. Мағжан. Шығармалары: (өлеңдер, поэмалар, қара сөздер)» жинағында жарияланған ақынның «Анама» өлеңінде: «*жібек тіл*», «*ақ көңіл*» деп қазақ әйеліне, анаға тән мінез-құлық сипаты қолданылған. Десек те көркем туындыларда әйелдің мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестермен қатар оның эмоциясын немесе оның сұлулығын сипаттайтын тұрақты тіркестердің, жалпы «әйел» концептісіне тән түрлі атаулар мен тіркес түрлерін де кездестіруге болады. Себебі көркем шығармалардың көркемдік мәнін арттыруда осындай лексико-фразеологиялық тіркестердің атқаратын рөлі зор.

Түрлі туындыгерлердің шығармаларында берілген мұндай лексико-фразеологиялық тіркестер біздің ұлттымыздың дүниетанымы мен болмысынан, салт-дәстүрінен, қазақ әйеліне тән ұлттық менталитетінен сыр шертіп тұр. Әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестерді ұлттымыздың халық ауыз әдебиетінен

тінен бастап бүгінгі көркем шығармалардың да ішінен кездестіре аламыз. Десек те ондағы әйел образдарының белгілі бір кезеңге немесе ортаға тән екенін де ескерген жөн. Бірақ Ұлпан немесе Күнікей секілді жиындық образдарға берілген мінез-құлық сипаттарын қазақ әйеліне тән ортақ сипат деп тану оң деп тұжырымдаймыз.

Берілген көркем шығармалардағы фразеологиялық тіркестермен қатар қазақ тіліндегі көркем шығармаларда «*қой аузынан шөп алмас*», «*жылқыдан торы*», «*бетін тілсең, қан шықпайды*», «*тойған қозыдай*», «*шық татырмас*», «*тас бауыр*», «*азуын айға білеген*» (Колпенова, 2022: 73) секілді нейтралды, яғни әйелдің де, ер адамның да мінезіне тән сипатта қолданыста бар тіркестердің кездесетінін атап өткеніміз жөн. Бұл фразеологиялық тіркестер көркем шығармаларда әйел мінез-құлқын ашуда қолданылғанмен тек бір санатқа жатқызу қателік. Ал жоғарыда нақты көркем туындылардан мысалға алынған лексико-фразеологиялық тіркестердің тек әйел мінез-құлқын беруге арналғанын аңғарамыз. Демек көркем шығармалардағы мұндай фразеологиялық тіркестердің кімге бағытталғанын және қандай мақсатта қолданылғанын нақтылау үшін ондағы кейіпкерге немесе тіркес құрамындағы сөз қолданысына назар саламыз. Бұл мәселе ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда да кездеседі.

Ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда әйелге тән мінез-құлықты сипаттау және оны шығарма негізіне айналдыру әдебиеттің гендердік мәселелерінің және маскулиндік, феминистік шығармалардың пайда болуынан немесе классикалық көркем туындылардағы әйел образдарын ашу мақсатында авторлардың қолданған және қолданып келе жатқан лексико-фразеологиялық тіркестері негізінде жүзеге асып келеді. Ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер көбінесе әйелдің өмір сүру ортасы мен атқаратын қызметіне, автордың оқырманға ұсынғысы келген әйел образының ерекшелігіне сай беріледі. Мысалы олардың кәсіптері мен лауазымдарының, атқаратын міндеттерінің мәнін ашатын тіркестерді де жиі кездестіруге болады.

W.S. Maugham, F. Hardy, J. Aldridge, J.Galsworthy, C. Mackenzie, C.P. Snow, W.S.Maugham, N. Coward немесе Дж. Г. Байронның «Childe Harold's Pilgrimage» атты шығармасындағы: «*as merry as a grig – өте көңілді, өмірді сүйетін*», «*hail fellow well met – айналасындағы*

лармен достық қарым-қатынасты ұстанатын адамның мінезі», «(as) right as rain – көңіл-күйі жақсы, жағдайы жақсы, бәрі дұрыс», «all one's geese are swans – әсірелей беретін», «keep one's hair on – сабыр сақтау», «patience on a monument – шыдамдылық», «carry (keep) a stiff upper lip – сабырлылық», сондай-ақ Дж. Гэйдің «Poems on Several Occasions» атты шығармасында: «as cool as a cucumber – сабырлы» тіркесі кейінірек өзге жазушылардың шығармаларында да ұшыраса бастады.

Уильям Шекспирдің «Othello» атты шығармасында: «have an itching palm – иші тар», «Гамлетте»: «one's gorge rises at smth – жиіркеніш тудыратын әрекетті», әлсіздікті, жұмсақ мінездің сипатын білдіретін «as weak as water – әлсіздеу» немесе «(as) soft as butter – әлсіз мінезді» тіркестері, қатқыл мінезді сипаттайтын: «sharp as needle – пышақтай өткір», «(as) keen as mustard – өткір», ренжулі мінез-құлықты білдіретін: «like a bear with a sore head – жындай ауулы» тіркесі де аталмыш авторлардың туындыларында көп кездеседі.

Ағылшын көркем шығармаларында көп сөйлемейтін, тұйық кейіпкердің мінезін беру барысында: «still waters are deep – тыныш су терең» немесе «(as) silent as the grave, яғни балықтай үнсіз», «as still as death – өлімдей тілсіз» деген секілді фразеологиялық тіркестер қолданылады (Насруллаева, 2017: 345-346).

Дегенмен ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда кездесетін мұндай тұрақты тіркестер әйел мінезімен қатар ер адамның мінезін де сипаттауда жиі қолданылады. Бұл ағылшын тіліндегі лексико-фразеологиялық тіркестердің қолданылу сипатының қазақ тіліндегіден айтарлықтай ерекшелігін аңғартады. Қазақ тіліндегі көркем шығармаларда да мұндай ортақ тіркестер ұшырасатынын атап өттік. Мысалы: «ақ көңіл» немесе «азуын шайнайды» деген тіркестерді әйелдің де, ер адамның да мінез-құлқын сипаттауда қолдануға болады. Бірақ қазақ тіліндегі көркем шығармалардағы фразеологиялық тіркестер тікелей әйел табиғатына, оның мінез-құлқына сай жасалатынын нақты мысалдар негізінде дәлелдедік. Қазақ тіліндегі көркем шығармаларда әйелге тән нәзіктік, сөйлеу ерекшелігі, қимыл-әрекетіне сай характерлік сипаты детальді беріледі. Демек қазақ тіліндегі көркем шығармаларда берілген әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің басты ерекшелігі – оның басым көпшілігінің нақты әйел психологиясына лайықты құрыла-

тындығында. «Күлсе – аузынан дүр шашылады» деген фразеологизмнің тек әйел адамның мінезін, әрекетін көрсетіп тұрғанын дәлелді айта аламыз. Өйткені мұндағы «аузынан дүр шашылады» деген тіркес ешқашан ер адамның мінезін сипаттай алмайды. Бұл – қазақ әйелінің сымбаты мен оның сұлулығын, өзіне тән нәзіктігін, ерке мінезін сипаттайтын тұрақты тіркес. «Мінезі майдай еріткен қорғасындай» деген лексико-фразеологиялық тіркес әйелдің мінезінің жұмсақтығы мен нәзіктігін сипаттайды. «Қылт еткізбес қылықты» деген тіркес мінезінде еркелікпен қатар ұстамдылық пен қайсарлығы бар әйелді сипаттайды әрі «қылықты» деген сипат қазақта тек әйел затына арналып айтылатыны да бізге аян. Қазақ тіліндегі әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер осындай ұлттық дүниетаным әрі сөз қолданысы, тілдік ерекшелігімен дараланады. Көркем шығармадан мұндай тіркестерді кездестіргенде әйел адамға арналғанын ажырату оңай.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармаларда кездесетін әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің жасалу тәсілі мен құрылымы ұқсас. Мінездің ерекшелігін беру үшін соған тең келетін зат немесе әрекетті теңеу арқылы негізгі мағынаны ұсынады. Мәселен қазақ тілінде «бурадай, нардай, балапандай, майдай, жібектей» деген теңеулер берсе, ағылшын тілінде: «swans, waters, monument» секілді заттық сипаты бар сөздерді қолдану арқылы мағына астарын толықтырады. Екі тілдегі басты айырмашылық әрі ерекшелік – қазақ тілінде берілген сөздер сол түпкі мағынасын сақтап, жаңа мағына үстесе, ағылшын тілінде ол сөздердің мәні толық жойылып, жаңа мағына береді. Әрине екі тілде де тіркестегі сөздер бірін-бірі толықтыру және әрқайсысы өзіне тән орында тұру арқылы ғана бір жаңа мағына береді, фразеологизмнің заңдылығына сай олар жеке-дара қолданылса, әуелгі берілуі тиіс мән жойылады.

Сондай-ақ ағылшын тіліндегі көркем шығармалардағы жалпы адам мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер нейтралды сипатта, яғни ер және әйел адамдарға қатар қолданыла бергенімен, көркем әдебиетте басым көпшілігінің әйел мінезіне қатысты қолданылатынын байқадық. Оған дәлел «clever as a priest's pig» тікелей аудармасында «діни қызметкердің шошқасы секілді ақылды», яғни «ақымақ» деген мағынада, «as light as a butterfly» тіркесі шығармаларда көбінесе әйел адамның мінез-

құлқын, психологиясын ашуда қолданылса, «*weak in the head*» және «*be (up) in the clouds*» тіркестері де «*жеңіл ойлы*» және «*көңілі аспанда қалықтап жүретін*», «*арманшыл*» әйел мінезін анық сипаттайды. «*From a different world*», яғни «*өзге әлемнен*», «*қияли*» мінез-құлықты сипаттайтын тіркес те әйел мінезін беруде белсенді қолданылады.

Қос тілдегі көркем шығармалар негізінде әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестерді салыстыра зерттеу әрі ерекшелігін анықтау мынадай тұжырымды тудырды: «мұндай өрнектер лингвомәдениеттегі ақыл-ой қызметін анық көрсетеді, бұл салыстырмалы зерттеу үшін маңызды материал болып табылады, өйткені салыстыру арқылы адамдар мен қоғамдардың ішкі әлемін егжей-тегжейлі түсінуге болады» (Kormiltseva, Puchinina, 2021: 1302).

Зерттеу жұмысының нәтижесінде екі тілдегі көркем шығармалардан әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер тізбегі анықталды. Бұл тіркестер көркем шығармаларда дендеп кездесіп отырғанымен, екі тілде де құлаққа жатық сөз қолданысында сирек ұшырасады. Сондықтан мұндай тіркестерді талдап, анықтап қана қоймай, белсенді қолданыста болуы үшін тәжірибелік жұмыс жүргізуді қолға алу оңды болмақ.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда әйел мінез-құлқының лексико-фразеологиялық тіркестер арқылы берілуі жасалу жолына, әр ұлтқа тән әйел мінез-құлқының қалыптасуына, көркем шығарманың жазылған уақыты мен ол кезеңде орын алған әлеуметтік және қоғамдық өзгерістерге сай сан түрлі ерекшеліктерге ие болып, алуан сипатта жүзеге асатынына көз жеткіздік. Зерттеу жұмысында лексико-фразеологиялық тіркестер негізге алынғандықтан ең алдымен оның тілдік сипаты мен тіркестің түпті мәніндегі ұлттық мінез-құлық ерекшелігі алдыңғы шепке шығатыны анықталды. Қазақ тіліндегі мұндай тіркестердің әсіресе ертеректе жазылған классикалық көркем шығармаларда жиі кездесетінін байқадық. Сондай-ақ поэтикалық көркем туындыларда да әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің қолданылу жиілігі дәлелденді. Ағылшын тіліндегі көркем шығармаларда да қазақ тіліндегі секілді фразеологиялық тіркестердің белсенді

қолданыста екені нақты мысалдар арқылы тұжырымдалды.

Әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің көркем шығармалардағы қолданысын және олардың ерекшелігін зерттеу барысында аталмыш тіркестердің артқан мән-мағына жүгі мен әр ұлтқа тән сөздік қолданыс сипаты, ол тіркестердің қолданылу ортасы мен орны да назарға алынды. Өйткені әйел мінезін әрі оның образын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестер өз бойында ұлттық ерекшелік пен дүниетанымды сақтайтыны анықталды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармалардағы мұндай тіркестердің қолданылу ерекшелігі әр ұлтқа тән этносимволдық мәнді ашады. Әйел мінезінің ерекшелігін сипаттайтын бір ғана фразеологиялық тіркес негізінде күллі бір ұлттың мінез кеңістігін тануға мүмкіндік береді.

Аталмыш фразеологиялық тіркестердің нақты мысалын көркем шығармалардан іздеу жұмысы барысында қазақ тіліндегі әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің басым негізі сол поэтикалық туындыларда жиі ұшырасатынын, алайда олардың бүгінде тілдік қолданыста сирегені, тіпті жойылып бара жатқаны анықталды. Оның дәлелі – бүгінгі көркем шығармаларда бұл тіркестердің қолданыстан шығып қалғаны және әйел мінезін ашуда авторлардың ертеректе жазылған шығармалардағыдай лексико-фразеологиялық тіркестерді жиі пайдаланбайтыны. Қазақ тіліндегі әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің ағылшын тіліндегімен салыстырмалы түрде арнайы әрі нақты әйел табиғатына сай құрылуы назарға алынды. Ағылшын тіліндегі көркем туындыларда берілген ондай тіркестерді кейде ер адамның мінезін сипаттауда да қолдана алса, қазақ тіліндегі әйел мінез-құлқының ерекшелігін беруге ұмтылатын тіркестерді тек сол мақсатта қолдануға арналған.

Зерттеу жұмысының мақсаты, яғни қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем шығармалардағы әйел мінез-құлқын сипаттайтын лексико-фразеологиялық тіркестердің ерекшелігі нақты көркем шығарма мысалдары негізінде тұжырымдалды. Зерттеудің ғылыми және тәжірибелік маңызы аталған мәселелер аясында айқындалды. Сипаттау және талдау әдістері арқылы қазақ тіліндегі және ағылшын тіліндегі әйел мінезін ашатын лексико-фразеологиялық тіркестер тізбегі жасалды. Екі тілдегі көркем шығармалар мысалында мұндай тіркестердің жасалу ерек-

шелігі анықталды. Зерттеу жұмысы барысында мұндай лексико-фразеологиялық тіркестердің бүгінгі таңда қолданыстан шығып бара жатқаны анықталды. Сондықтан бұл зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық мәнімен қатар, практикалық құны да маңызды екенін атап өтеміз. Анықталған лексико-фразеологиялық тіркестерді тек көркем шығарма құрамынан емес, күнделікті ауызекі сөйлеу тілінен де кездестіруіміз қажет.

Сондықтан мұндай тіркестерді қайта белсенді қолданысқа енгізу – тіл білімі үшін мәні терең мәселеге айналып отыр. Зерттеу тақырыбының қолданбалы сипаттағы маңызы осы мәселемен анықталады. Демек тілдегі бай сөздік қорды сақтап қалу, аталмыш тіркестерді белсенді қолданысқа енгізу, оны өзге тілдегімен салыстыра зерттеу – ұлттық тіліміздің ұлт дүниетанымынан алшақтамай қатар дамуын қамтамасыз етеді.

References

- Aimauytov, J. (2003). Aqбіlek: Povos, roman [Akбіlek: short story, novel]. Almaty. Atamūra. (In Kazakh).
- Arsent'eva, E. F. (1989). Sopotavitel'nyj analiz frazeologicheskikh edinic [Comparative analysis of phraseological units]. Kazan'. Kazanskij universitet. (In Russian).
- Bökei, O. (2003). Kerbügy. Äñgimeler men povos [Stories and narrative]. Almaty. Atamūra. (In Kazakh).
- Brandt, G.A. (1998). The nature of women as a problem: The concept of feminism. *Social Sciences and the Modern Age*, Vol. 2, P. 167-189.
- Chervonnyiy, A.M. (2014). The expression of a subject's intellectual level with French and English phraseological units. *Philological Sciences. Theoretical and Practical Problems*, Vol. 2(32), P. 197-201.
- Coates, J. (1986). *Women, men and language*. London. Longman.
- Cruse, D. A. (1986). *Lexical semantics*. Cambridge. Cambridge University Press.
- Dzhumaeva, L.A. (2021). Problema konceptual'noj integracii i ejo ponimanie v anglojazychnyh tekstah [The problem of conceptual integration and its understanding in English-language texts]. *Vestnik KazNU. Filologicheskaja serija*, Vol. 3(183), P. 4-12. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v183.i3.ph1> (In Russian).
- Fillmore, C.J., Kay, P., O'Connor, M.C. (1988). Regularity and idiomaticity in grammatical constructions: The case of let alone. *Language*, Vol. 56, P. 67-69.
- Corbett, G.G. (1992). *Gender*. Cambridge. Cambridge University Press.
- Kolpenova, A.K. (2022). Qazaq jäne türk tilderindegi minez-qılıqy sipattaityn frazeologizmdr: funkcionaldyq-parametrlik taldau [Phraseologisms characterizing behavior in Kazakh and Turkish languages: Functional and parametric analysis]. *L.N. Gumilev atyndaғы Eurazi ultiq universitetinñ Habarşysy*, Vol. 4(141), P. 67-78. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-141-4-67-78> (In Kazakh).
- Kormiltseva, A.L., Puchinina, O.P. (2021). The phraseological field «Women's intellect» in the Russian and English languages. *Journal of Language and Linguistic Studies*, Vol. 17(3), P. 1301-1311. <https://doi.org/10.52462/jlls.93>
- Ma, X., Gao, L. (2023). Evaluating transformer models and human behaviors on Chinese character naming. *Transactions of the Association for Computational Linguistics*, Vol. 11(1), P. 755-770. https://doi.org/10.1162/tacl_a_00573
- Müsirepov, Ğ. (1980). Tañdamaly. Üş tomдық. T. 3. Romandar men poema [Custom. Three volumes. Vol. 3. Novels and poems]. Almaty. Jazuşy. (In Kazakh).
- Nasrullaeva, N. Z. (2017). Funkcionirovanie anglijskih genderno markirovannyh frazeologizmov v hudozhestvennoj literature [Functioning of English gender-marked phraseological phrases in fiction]. *Bulletin of Science and Practice*, Vol. 6, P. 342-348. (In Russian).
- Qayıpbaeva, A. (2001). Tūraqty trkesterdñ poezia tilindegi qoldanysy. Filol. ğyl. kand. ... dis. avtoref. [The use of stable phrases in the language of poetry. Philol. Science Cand. ... Diss. Abstract.] Almaty. (In Kazakh).
- Smagulova, G.N. (2008). Koncept "zhenshhina" v kazahskih frazeologizmah [The concept of "woman" in Kazakh phraseological units]. *Vestnik Novgorodskogo gosudarstvennogo universiteta*, Vol. 49, P. 84-87. (In Russian).
- Tillayev, Z. (2021). Verbalization of the concept "woman" in English phraseological units. *International Journal on Integrated Education*, Vol. 4(3), P. 105-114. <https://doi.org/10.31149/ijie.v4i3.1330>
- Turlybekova, I.A., Nurkenova, S.S. (2022). Söileu minez-qılıqyna qatysty frazeologizmdrdegi sözqumarlyqyñ körinisi [Manifestation of wordlessness in phraseologisms related to speech behavior]. *QazÜU Habarşysy. Filologia seriasy [Eurasian Journal of Philology: Science and Education]*, Vol. 4(188), P. 125-138. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v188.i4.013> (In Kazakh).
- Van Tilburg Wijnand, A.P., Igou, E.R., Panjwani, M. (2022). Boring people: Stereotype characteristics, interpersonal attributions, and social reactions. *Personality and Social Psychology Bulletin*, Vol. 49(9), P. 1-15. <https://doi.org/10.1177/01461672221079104>

Авторлар туралы мәлімет:

Халым Бота (корреспондент автор) – Phd докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: bota-@mail.ru);

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: smagulova.g@mail.ru);

Аймағамбетова Малика Муратовна – PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: aimagambetovamalika@gmail.com).

Information about the authors:

Khalyt Bota (corresponding author) – Phd student, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bota-@mail.ru).

Smagulova Guldarkhan Nurgazykyz – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: smagulova.g@mail.ru);

Aimagambetova Malika Muratovna – PhD, senior lecturer at Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aimagambetovamalika@gmail.com).

Сведения об авторах:

Халым Бота (корреспондент автор) – докторант Phd, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: bota-@mail.ru);

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазиевна-доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: smagulova.g@mail.ru);

Аймағамбетова Малика Муратовна – PhD, старший преподаватель Казахского национального университета имени Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: aimagambetovamalika@gmail.com).

Келіп түсті: 31 тамыз 2024 жыл.

Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл.